

УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «жастарға тек білім беріп қана қоймай, оларды отансүйгіштікке тәрбиелеу керек» деген қағидасына сәйкес заманауи дамушылыққа ілесіп, білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті, жоғары білімді, өнегелі ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі таңда тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің негізгі басымдығы болып тұр.

Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби маман дайындап шығару ғана емес, сондай-ақ демократия принциптеріне сай, тәуелсіздік құндылықтарын құрметтеп, қорғай білетін жастарды тәрбиелеп шығу. Аталмыш мақсатта тәрбие берудің он бағытын негізге ала отырып, университеттегі тәрбие жұмысы жастар саясатын, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, аға ұрпақты үлгі тұтатын, дәстүрлерге сүйене отырып, инновациялық тұрғыдан білім мен ғылымға үлес қосатын жаңашыл тұлғаларды анықтау бағытында жұмыстар атқаруда.

Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдауларын, мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларды, университеттің 2015-2020 жылдарға арналған «Стратегиялық даму жоспарын», сонымен қатар «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын негізге ала отырып жұмыс атқаруда. Тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғысынан қалыптасуы, оның өз бетінше мамандығына кәсіби тұрғыдан дайындалуы қоғам мен мемлекеттің дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Университетте студенттерді тәрбиелеу жұмысы студенттердің тұлғалық сапасын қалыптастырудағы жетістікке жету қажеттілігін, тұлғаның өзін өзі таныта отырып, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға баса назар аударады. Сол себептен университеттегі тәрбие жұмысын жүргізу барысында жастардың қазіргі қоғам ағымына ілесе алатындай, болашақтағы өзгерістерге бейім болатындай сапаларын арттыруға басымдықтар беріледі.



Университеттегі тәрбие жұмысының жүргізілуінің негізгі міндеті – студенттердің белсенділігін арттыруға, өзін өзі тануға және өз білімі мен мүмкіндігін жүзеге асыруға, студенттердің физикалық, зияткерлік, мәдени және рухани дамуына барынша жағдай жасау болып табылады.

Аталмыш мақсатта тәрбие ісі және жастар саясаты департаментіне қарасты барлық бөліммен қатар факультеттерде, кафедраларда, академиялық топтарда, басқа да

бөлімдер мен бөлімшелерде тәрбие үдерістері үздіксіз жүргізіліп тұрады.

Университеттегі тәрбие жұмысы төмендегідей негізгі бағыттарда жұмыстар атқарады:

- Азаматтық-патриоттық бағытта тәрбие ісі және жастар саясаты департаментіне қарасты Жастар орталығы, «Қазақстан халқы ассамблеясы» арнайы кафедрасы, «Сұраншы батыр» атындағы тарихи тұлғаларды зерттеу орталығы және университеттің ғылыми-зерттеу орталықтары, әскери кафедра Н.Назарбаевтың жолдаулары, «Мәңгілік ел» патриоттық актісі және мемлекеттік маңызы бар бағдарламалар аясында облыстық прокуратура, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті, Ішкі Істер департаменті қызметкерлерімен кездесулер, пікір алмасулар, семинарлар, акциялар ұйымдастырады.

Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын насихаттау, жүзеге асыру мақсатында университетте «Қоғамдық сананы жаңғыртудың жобалық кеңсесі» ашылды. Жобалық кеңсесінің миссиясы «XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болашақ жоғарғы білімді мамандарын Қазақстан Республикасының шынайы жанашыр азаматтары ретінде қалыптастыру және дамыту» болып айқындалды. Осы миссияға сәйкес «Студенттерді жан-дүниесі қазақстандық патриотизм тұрғысынан қалыптасқан, құзыреті мен бәсекеге қабілетті, прагматикалық, ашық саналы мамандар ретінде қалыптастыру мақсатын қойды.

Жаңа Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде ұлттық бірегейлікті сақтау, өлкеміздегі тарихи құндылықтарды қастерлеуге байланысты «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру, Оңтүстік Қазақстан өңірінің киелі тарихи орындарын насихаттауды жүзеге асыру, қазіргі ұлттық мәдениеттің әлемдік үрдістегі орны, өңірдегі жетістікке жеткен тұлғаларды дәріптеу бөлімдері бойынша академиялық топтарда, жатақханаларда, факультеттерде, университетте конференциялар, дөңгелек үстел, семинарлар, форумдар, концерттік іс-шаралар ұйымдастырылды.

- Рухани-адамгершілік бағытында университет «Тәлімгерлер және тәрбие жұмысы жөніндегі кеңес», «Әйелдер кеңесі», Ақпараттық білім беру орталығы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру мақсатында және конфессияаралық келісім мен этносаралық татулықты насихаттау мақсатында жастар арасында республикалық пікір-сайыс турнирі, туған өлке туралы студенттік шығармашылық жұмыстары бойынша конкурстар, ұлы тұлғалар еңбегі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында әдеби кештер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, өнер майталмандары мен спорт саңлақтарымен кездесулер, жастарды имандылыққа, тәрбиелілікке баулу, отбасы құндылықтарды, дәстүрді насихаттау мақсатында дөңгелек үстелдер мен танымдық кештер жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрады.
- Кәсіптік еңбек тәрбиесі бағытында «Студенттік құрылыс», «Жасыл ел» жасақтары дәстүрлі түрде жастарды кәсіпке және еңбекке баулу мақсатында студенттердің уақытын тиімді пайдалануға,



қосымша табыс табу үшін жұмыстарға тартады. Барлық факультеттер мен жоғары мектептерде білім беру бағыттар бойынша кәсіби мерекелері салтанатты түрде аталып отырады. Әр сала бойынша жетістікке жеткен кәсіби мамандармен кездесулер, тәжірибе алмасу шеберлік сабақтары жүргізіледі.

- Экологиялық тәрбие бағыты бойынша жастарды тазалыққа баулу
- және оны сақтау мақсатында оқу ғимараттары, студенттік жатақханаларда, спорт кешендерінде сенбіліктер, сайыстар, табиғат аясында лагерлер, тәлімгерлік сағаттар, акциялар өткізіліп тұрады.
- Діни төзімділікті қалыптастыру бағыты бойынша университеттің
- барлық академиялық топтарында, студенттік жатақханаларда облыстық «Дін істері мәселелері» басқармасының Діни зерттеулер орталығының теолог мамандарымен ұдайы түрде апталықтар, семинарлар, акциялар, кездесулер ұйымдастырылып тұрады.
- Дене тәрбиесі мен салауатты өмір бағытында студенттерге спортпен айналысу үшін барлық жағдайлар жасалынған. Студенттердің оқудан тыс уақыттарында «Буревестник», «Денсаулық», № 7, 8, 9, 10 оқу ғимараттарындағы спорт кешендері мен залдарында спортпен шұғылдануына мүмкіндіктері бар. Университеттің 2300-ге жуық студенті 24 спорттық секцияларға қатысады.
- Жыл сайын дәстүрлі түрде оқытушылар мен университет қызметкерлері және студенттері арасында спорттың 12 түрінен 2000-ға жуық адам қатысатын «Денсаулық» спартакиадасы өткізіліп отырады. «Рио-2016» олимпиадасының күміс жүлдегері Жазира Жаппарқұл, «Қысқы Азия ойындарының» жеңімпаздары Жанбота Алдабергенова мен Жібек Арапбаева, Бокстан әлем чемпионатының жүлдегері Қайрат Ералиев – университет мақтаныштары.
- Интеллектуалдық-коммуникативті бағытында тәрбие ісі және жастар саясатына қарасты Жастар орталығы және ғылыми-зерттеу орталықтары университет студенттерінің зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі деңгейде пікір-сайыс турнирлер, пәндік олимпиадалар, студенттік кон-

ференциялар, ғылыми жобалар жарыстарын жүйелі түрде өткізіліп тұрады.

- Мәдени-эстетикалық бағытында Университетте өнерге құштар студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, бос уақыттарын тиімді пайдалану, үйірмелерге тарту мақсатында Қоғамдық кәсіптер факультеті (ҚКФ) жұмыс жасайды. Қоғамдық кәсіптер факультетінің мақсаты: жастар шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оны тұлғалық тұғырға көтеру, бос уақытын тиімді пайдалануға дағдыландырумен қатар талантты жастарға қолдау көрсете отырып, өнерлі студенттердің шығармашылығы арқылы университеттің оң имиджін қалыптастыру болып табылады. Факультетте жұмыс жасайтын ән (вокал), би (хореография), көңілді тапқырлар клубы (КТК), дәстүрлі ән және терме, домбыра, дефиле, көркемсөз шеберлері, вокалды аспапты ансамблі, үнді орталығы, айтыс және ақындық өнер, көркем шығармашылық үйірмелеріне қатысушы студенттер қалалық, аймақтық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленуде.
- Студенттердің өзін өзі басқару бағыты бойынша студенттер барынша қоғамдық жұмыстарға тартыла отырып, университеттік іс-шаралармен қатар, қала, облыс, республика деңгейінде қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысады.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстандағы ЖОО арасында алғаш болып М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде студенттік өзін өзі басқару мақсатында «Студенттік кеңес» құрылды. Студенттік ректор, проректорлар, студенттік декандар және олардың орынбасарлары, айына бір рет өзін өзі басқару күнін өткізеді.

«Жастар орталығы» кәсіби және адамгершілік-рухани тұрғыдан жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілетке ие интеллектуалды тұлғаны дайындауға өз ықпалын тигізуді мақсат етеді. «Жастар орталығына» қарасты «Студенттік өзін өзі басқару» студенттік Кеңесі, «Жас Отан» Жастар қанаты, «Қазақстан студенттерінің альянсы», «Достық» клубы, «Ақиқат» пікірсайыс орталығы



секілді студенттік ұйымдар азаматтық-патриоттық, мәдени-эстетикалық, денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттары бойынша ауқымды істер атқаруда.

Тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің, департаментке қарасты бөлімдердің ұйымдастыруымен жатақханаларда ҚР Президентінің Жолдауын талдау, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, «Мәңгілік ел патриоттық актісі», жаңақазақстандық патриотизм бағдарламаларын түсіндіру, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесулер, медицина қызметкерлерімен, дін өкілдерімен кездесулер, психологиялық тренингтер, мәдени шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрады.

Заманауи уақыттың негізгі талаптарының бірі, сонымен қатар ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасында көрсетілген негізгі басымдықтың бірі – бәсекеге қабілетті білімді болу үшін жастар білімді ғана емес, шығармашыл, іскер, ізденімпаз болуы қажет. «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін», – деп Елбасы атап өткендей, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі тәрбие жұмысының жүргізілуінің негізгі мақсаты – бәсекеге қабілетті кәсіби, мәдени, білімді жастарды қалыптастыру.

С. БЕЙСЕНБАЕВ,
әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры м.а., педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі

АННОТАЦИЯ ○

В статье и. о. проректора ЮКГУ им. М. Ауэзова С. Бейсенбаева рассказано о проводимой в вузе многогранной воспитательной работе, главная цель которой – готовить питомцев профессионально состоятельными носителями культуры и знания в предстоящей трудовой и житейской деятельности.